

**Алпысбаев Рустам Алиевич**

**АҚШ-тың Таяу Шығысқа қатысты сыртқы саясатындағы Ирак  
(XX ғ. 90-шы жж. – XXI ғ.басы)**

6D020900 - шығыстану мамандығы бойынша философия докторы (Ph.D.)  
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясына

**АННОТАЦИЯ**

Диссертациялық жұмыста XX ғасырдың 90-жылдары мен XXI ғасырдың алғашқы онжылдығы аралығындағы АҚШ-тың Таяу Шығыстағы Иракқа қатысты сыртқы саясатының түпнегізі, мақсаттары, бағыттары мен басымдылықтары зерттелген.

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Құрама Штаттар қырғиқабақ соғыстың аяқталуы мен негізгі қарсыласы – КСРО-ның әлемдік аренадан өз еркімен кетуін өз жеңісі деп есептеп, тың күшпен «әлемнің америкалық формасын» қалыптастыруға кірісті. Иракқа АҚШ-тың басып кіруі мен әскери жаулап алуының нәтижесі болып табылатын осы елдегі әскери-саяси дағдарыстың шиеленіскеніне 8 жылдан астам уақыт өтті. Осы жылдар Біріккен Ұлттар Ұйымы, Араб Мемлекеттері Лигасы және Ислам Конференциясы Ұйымының секілді халықаралық жетекші институттардың саяси қабілетсіздіктерін көрсетті. 2004-2007 жылдар аралығында өрши түскен ұлтаралық және дінаралық қақтығыстар бүкіл аймақтық қауіпсіздікке кері әсерін тигізді. 2010 жылдың аяғымен 2011 жылдың басы Араб-мұсылман әлеміне Таяу Шығыс пен Солтүстік Африка елдеріне жаңа бір жалпылама революциялық серпіліс әкелді. Оның бірден-бір себебі – Батыстың Шығыспен ақпараттық соғысындағы әжептәуір жетістіктері – Wikileaks, оған қоса Facebook және Twitter секілді әлеуметтік желілердің жемісті қолданылуы. Тақырыптың өзектілігі Таяу Шығыстағы АҚШ ықпалының мейлінше артып, аймақтағы мемлекеттердің болашағы үшін маңызды кезеңнің басталуымен негізделеді.

**Зерттеу нысаны** – Құрама Штаттардың XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы Таяу және Орта Шығыстағы сыртқы саясаты.

**Зерттеу пәні** – 1991-2011 жылдардағы АҚШ-Ирак қатынастары.

**Диссертациялық жұмыстың хронологиялық шеңбері** XX ғасырдың 90-жылдары мен XXI ғасырдың алғашқы онжылдығын қамтиды.

**Зерттеу жұмысының мақсаты** XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы Таяу және Орта Шығыстағы АҚШ-тың сыртқы саяси стратегияларындағы Ирактың орнын анықтау болып табылады.

Қойылған мақсатқа жету үшін мынадай **міндеттерді** жүзеге асыру қажет болды: Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі АҚШ пен Ирак қарым-қатынастарын (1954-1979 жж.) зерттеп жүйелі талдау; Иран-Ирак соғысы және АҚШ-тың Таяу Шығыстағы Иракқа қатысты сыртқы саясаты эволюциясының (1980-1990 жж.) бағыт-бағдарын анықтау; 1991-1992

жылдардығы Ирак-Кувейт қақтығысының себептерін айқындау және АҚШ-тың Таяу Шығыстағы әскери-саяси әлеуетінің артуының себептерін сараптау; биполярлық жүйенің күйреуінен кейін АҚШ пен Ирак қарым-қатынастарында (1993-2000 жж.) дағдарыстың пайда болуы мен оның себептерін анықтау; 2001 жылғы 11 қыркүйек оқиғасы, америкалық «Үлкен Таяу Шығыс» стратегиясының түпнегізі және 2003 жылы АҚШ-тың Иракқа әскери басып кіру себептерін талдау; Саддам Хусейн режимінің жойылу салдары: күрдтер мен шейіттер (2004-2007 жж.) қатынастарындағы дағдарыстың пайда болу себептерін сараптау; АҚШ әскерінің Ирактан шығарылуы және америкалық «жаңа әлем» тәртібінің (2008-2011 жж.) мақсаты мен міндеттерін айқындау; 1991-2011 жылдар аралығында Құрама Штаттардың Бағдадқа қатысты сыртқы саясатының нәтижесі.

**Зерттеудің теориялық-әдістемелік негізі** болып тарихилық пен объективтілік қағидалары табылады. Тарихилық қағидасы АҚШ-тың Таяу және Орта Шығысқа қатысты сыртқы саясатындағы Ирактың алатын орнын уақытша жүйелі негізінде қарастыруға мүмкіндік береді. Объективтілік қағидасы Құрама Штаттардың сыртқы саясатындағы Ирак мәртебесінің өсуіне алдын-ала талдау жасауға мүмкіндік береді. Зерттеу жұмысының теориялық негізін реализм, неореализм, либерализм және геосаясат элементтері құрайды.

**Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы.** Бұл ғылыми зерттеуде алғаш рет отандық тарихнамада 1991-2011 жылдардағы АҚШ-тың сыртқы саясатының Иракқа қатысты эволюциясы кешенді сарапталды. Бұрынғы ғылыми айналымға енген ресейлік, араб, америкалық, британ деректері мен ресми құжаттарының пайдаланылуы, Таяу және Орта Шығыстағы Вашингтон стратегиясында Ирактың алатын орнын анықтауға, Бағдадқа қатысты АҚШ саясатының мәні мен мақсатын, Құрама Штаттардың Иракқа қатысты жүргізген саясатының қалыптасу механизмін зерттеуге мүмкіндік берді.

**Зерттеу жұмысының теориялық және тәжірибелік маңызы.** Бұл зерттеу жұмысының материалдары мен нәтижелерін Қазақстан Республикасының дипломатиялық ведомствосы мен басқа да мемлекеттік мекемелері Таяу және Орта Шығысқа қатысты сыртқы саясатты жобалау кезінде, Ирак пен АҚШ-тың сыртқы саясатын зерттеу барысында ұсыныстар ретінде қабылдауы мүмкін. Сондай-ақ зерттеудің қорытындылары ғылыми-зерттеу орталықтарының жобаларын жасауға жәрдемдесіп, жоғарғы оқу орындарында Таяу және Орта Шығыстағы халықаралық қатынастар пәндерін оқыту барысында пайдаланылады.

Жұмыстың негізгі нәтижелері Мысыр Араб Республикасында басылып шыққан 3 ғылыми жарияланымда, оның ішінде біреуі жоғары импакт факторлы қатарына енетін Scopus журналдар базасына кіреді. 3 халықаралық, оның ішінде бір шетелдік ғылыми-тәжірибелік конференцияда ұсынылған тақырыпқа сәйкес баяндамаларда, сондай-ақ ҚР Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған 12 ашық ғылыми басылымдарда

жарық көрген. Оған қоса жұмыс тұжырымдары Таяу Шығыс мәселесіне қатысты 30 астам мерзімді басылымда жарық көрген мақалада көрсетілген.

Зерттеу жұмысы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Диссертацияның жалпы көлемі 177 бет.